

"Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 06/02 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 33/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 мамырда № 6414-09 болып тіркелді

Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 06/02 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26778 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Қарағанды қаласының аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 2) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.";

қаулының 2 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласының әкімі

М. Кожухов